



Украинадағы қақтығыс: Бір айда не өзгерді?

5-бет



Тыңайтқыштан тарықпаймыз ба?

6-бет



«Бизы» рейдер қылмыскер емес пе?..

9-бет

EGEMEN QAZAQSTAN

Жүз жылдық жылнама

№56 (30285) 25 НАУРЫЗ, ЖҰМА 2022 ЖЫЛ

www.egemen.kz

E-mail: info@egemen.kz

FACEBOOK.COM/EGEMENKZ

TWITTER.COM/EGEMENKZ

Халықтың табысын арттыру – негізгі міндет



Суреттерді түсіргендер: А. ДҮЙСЕНБЕК, Ғ. ӨМІРБЕКОВ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыровты қабылдады, деп хабарлады Президенттің баспасөз қызметі.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа министрліктің биылғы атқаратын негізгі міндеттері, сондай-ақ пандемиядан кейінгі кезеңдегі экономиканы дамытуға қошу шаралары жөнінде және оның сыртқы сын-тегеуріндерге төтеп беруіне қатысты ақпарат берілді.

Әлібек Қуантыров Президент тапсырмаларының орындалу

барысы жөнінде баяндады. Атап айтқанда, Халықтың табысын арттыру бағдарламасы мен Инфляцияны бақылау және төмендету жөніндегі кешенді шаралардың жүзеге асырылуы туралы сөз болды.

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауы аясында еліміздің әкімшілік-аумақтық

құрылымын өзгерту жөнінде нақты міндет жүктелді. Қазіргі уақытта комиссия жасақталып, жаңа объектілерді құру жұмыстарының алгоритмі әзірленді.

Кездесу қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету, экономиканы әртарапандыру және жаңа жұмыс орындарын ашу, экономикадағы мемлекеттің үлесін азайту, сондай-ақ тұрғындар мен кәсіпкерлерге қолдау көрсету жөнінде бірқатар тапсырма берді.



Адам құқы – басты назарда

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Эльвира Әзімованы қабылдады, деп хабарлады Мемлекет басшысының баспасөз қызметі.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің 2021 жылы атқарған жұмысының қорытындылары, соның ішінде азаматтардың құқықтарын қайта қалпына келтіруге көмектесу үшін қабылданып жатқан шаралар туралы мәлімет берілді.

Эльвира Әзімова Мемлекет басшысына сотқа дейінгі тергеу сатысында, оның ішінде қантар оқиғасы аясында адам құқықтарын қорғау мәселелері жөнінде баяндады. Сонымен

қатар Президентке құқық қорғау органдарының қызметі туралы заңнаманы жетілдіру, төтенше жағдай режимі кезінде адам құқықтарын қорғау және алқаби-лер сотының мандатын кеңейту жөнінде ұсыныс берілді.

Адам құқықтары жөніндегі уәкілге Конституциялық сотқа жүгіну құқығын беру туралы Президент бастамасы аясында омбудсмен Мемлекет басшысына Еуропа Кеңесі Венеция комиссиясының ұсыныстары

жөнінде жеткізді. Аталған бастама Қасым-Жомарт Тоқаевтың жуырдағы Жолдауында айтылды.

Эльвира Әзімова Президентке адам құқықтары саласындағы екінші шаралар топтамасы бойынша әзірленіп жатқан ұсыныстарды таныстырды.

Кездесу қорытындысы бойынша Қасым-Жомарт Тоқаев азаматтардың құқықтарын тиімді қорғауды қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар тапсырма берді. Мемлекет басшысы уәкілдің Бас прокуратурамен тығыз байланыста болып, халыққа тергеу нәтижелері туралы кеңінен ақпарат беру қажет екенін атап өтті.

РЕСМИ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградаларымен наградтау туралы

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Бейжің қаласындағы (Қытай Халық Республикасы) XIII Қысқы Паралимпиада ойындарындағы аса үздік спорттық жетістіктері үшін наградталсын:

- Герлиц Александр – «Құрмет» орденімен «Қазақстан Республикасының Ұлттық Паралимпиадалық комитеті» ҚБ спортшысы
- Жданович Антон – «Қазақстан Республикасының Ұлттық Паралимпиадалық комитеті» ҚБ аға жаттықтырушысы
- Коломиц Василий – «Қазақстан Республикасының Ұлттық Паралимпиадалық комитеті» ҚБ бас жаттықтырушысы.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті
К.ТОҚАЕВ

Нұр-Сұлтан, Ақорда, 2022 жылғы 24 наурыз
№ 844

ЖОЛДАУ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

Төрттаған

Халық тілеуқор ғой, таудан қар барысы түсіпті деп қаңтардан бері бірнеше рет айтты. Кіе тұтқаны, кастерлегені. Енді ел енесі көтеріледі, қасиет қонады, айбатымыз артады дегені. Киелі, текті аңның тегеурініне сүйінгені. Толғақты кезеннің түйіні тарқатылар деп топшылағаны. Соның жерге түсуінен елге ырыс келеді деп түйсінгені.

Дархан ҚЫДЫРӘЛІ, «Egemen Qazaqstan»

Аргы бабалардың аң стилі атанған айшығы мен өрнегінен де, алтын киімді сақ жауынгерінің оне бойынан да, темір дәуіріндегі ескерткіштерден де барыс бейнесін көреміз. Барыс айбаттылық пен қайраттың, тектілік пен мықтылықтың, өжеттік пен өміршеңдіктің, елдік пен ерліктің, тыныштық пен жайлылықтың символы болғанын байқаймыз. Осыдан екі мүшел бұрын, 1986 жылдың желтоқсанында отаршыл жүйенің озбырлығына қарсы атылған жастардың отты көзінен де осы барыстың рухын көрген жоқ па едік?!.. Сол жыл да

Барыс жылы болатын. «Барыс жылы – намыс жылы» деген сөз де содан бері артықша мән алған. Өзгерісті талап еткен өрмідей өскелең жастардың өжеттігін де барысқа балағанбыз.

Бізден ілгеріде өткендер Барыс жылын бірлік жылы деген екен. Бірлік, Абайға сүйенгенде, ақылға бірлік, адамдық пен адалдықтағы бірлік, сенім мен сертке бірлік, мақсат пен мұраттағы бірлік, мүддеге бірлік. Бір байрақтың астындағы біртұтас байтақ елдің бірлігі. Ұлан-ғайыр қазақ даласы Ұлыстың ұлы күнін қарсы алғанда біз осы бірлікті көрдік.

(Соңы 3-бетте)

Мерейтойымен құттықтады

Президенттің баспасөз хатшысы Берік Уәли өзінің Facebook парақшасында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың сәулетші Жандарбек Мәлібекұлын мерейтойымен құттықтағанын жазды.

«Биыл – Қазақстанның мемлекеттік рәміздерінің бекітілгеніне 30 жыл. Ал бүгін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік елтаңбасының авторы, қоғам қайраткері, белгілі сәулетші Жандарбек Мәлібекұлы 80 жасқа толып отыр.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Жандарбек Мәлібекұлын мерейтойымен құттықтап, жылы лебізі мен ізгі тілегін жеткізді.

Мемлекет басшысы өз құттықтауында Елтаңба авторы-

ның тәуелсіз Қазақстан мен елорданы құру және дамыту ісіндегі сіңірген еңбегін атап өтіп, оған зор денсаулық, шығармашылық шабыт және отбасына бақ-береке тіледі», делінген Президенттің баспасөз хатшысының Facebook парақшасындағы жазбада.

Наурыз мейрамы қарсаңында Қасым-Жомарт Тоқаев Жандарбек Мәлібекұлын I дәрежелі «Барыс» орденімен марапаттағанын айта кетейік.

Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің есебін тыңдады

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Құмар Ақсақаловтың Петропавл қаласындағы жылу электр орталығында болған апат салдарын жою жұмыстарының барысы туралы есебін тыңдады. Бұл туралы өзінің Facebook парақшасында Президенттің баспасөз хатшысы Берік Уәли жазды.

«Апат салдарынан тұрғын үйлер мен қызметтік мекемелер жылуызыз қалған болатын.

Әкімнің айтуынша, жұмыс комиссиясы құрылған. Оның құрамына әкімдіктің, ТЖМ-нің және басқа да құзырлы ведомстволардың қызметкерлері, сондай-ақ аталған саланың жобалаушылары мен мамандары

енген. Компания басшысы – жылу электр орталығының меншік иесі келеді деп күтілуде.

Президент облыс орталығы мен басқа да елді мекендердің тұрғындарын тез арада жылумен қамтамасыз етуді тапсырды», делінген Президенттің баспасөз хатшысының Facebook парақшасындағы жазбада.

ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН

Ұлытаулықтардың ұлы қуанышы

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауында еліміздің саяси картасында жаңа үш облыстың пайда болатынын жария етті. Соның бірі – Қарағанды облысы құрамынан бөлініп шығатын Ұлытау облысы.

Қайрат ӘБІЛДА, «Egemen Qazaqstan»

«Жезқазған қаласы қайтадан облыс орталығы болады. Бұл аймақта дербес облыс құру – экономикалық ғана емес, рухани жағынан да маңызды шешім. Кең-байтақ қазақ жерінің дәл жүрегінде орналасқан Ұлытаудың төл тарихымыздағы орны ерекше», деген болатын ел Президенті.

Өз алдына жаңадан отау құрапты өңірді ескі де жаңа облыс деп те атауға болады. Өйткені болашақта ұлт ұясының атауын немендетін бұрынғы Жезқазған облысы 1973 жылдың 20 наурызында құрылып, оның құрамына Балқаш, Жезқазған, Қаражал, Сәтбаев сынды төрт қала және Ақадыр, Ақтоғай, Жезді, Жаңаарқа, Приозерный, Ұлытау, Шет сияқты жеті аудан кірген еді. Сол кездің өзінде бұл аймақтың аумағы ұлан-ғайыр болды: 313 400

шаршы шақырымды алып жатты. Халқының саны 500 мыңға таяу болды. Ал облыс орталығы Жезқазған қаласында 130 мыңға жуық адам мекен етті.

Міне, осындай әлеуеті бар облыс ширек ғасырдай «өмір сүріп», 1997 жылдың 3 мамырында таратылды да, оның аумағы түгелдей Қарағанды облысының құрамына қосылды. Әлбетте, сол кездегі күрделі жағдайға байланысты қабылданған мұндай шешімнің өз алдына облыс болып тұрған өңірге оңай тимегені рас еді. Мұның салқын әсерін облыс орталығынан

жырақта жатқан Жезқазған-Ұлытау өңірінің әлеуметтік-экономикалық жағдайы молынан сезінді. Бұрынғы облыстың тұрғындары Қарағанды және еліміздің басқа өңірлеріне көше бастады. Мәселен, 129 мың адам тұрған Жезқазған қаласындағы халық саны 90 мыңдай тұрғынға дейін азайып кетті.

(Соңы 4-бетте)

